Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

15.06.2021 жыл № 611010000-4-6-135832

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы 990440001521, "Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасы" ММ камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы.

Заңның 31 – бабының 2-тармағына сәйкес Сіз камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы осы хабарламаны (бұдан әрі-хабарлама) ол тапсырылған (алынған) күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Хабарлама қарсылықтарды қарау нәтижелерін ескере отырып, хабарламада көрсетілген бұзушылықтар жойылған жағдайларда орындалды деп танылады.

Бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты (қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды) камералдық бақылау жүргізу қағидаларына (бұдан әрі-қағидалар) 4 – қосымшаға сәйкес хабарламаны жіберген уәкілетті органға веб-портал арқылы мемлекеттік аудит объектісі ұсынады.

Қағиданың 35-тармағына сәйкес хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, мемлекеттік аудит объектісі оны веб-портал арқылы жеткізген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес қарсылықты қажет болған жағдайда жібереді.

Қажет болған жағдайда қарсылыққа қарсылықтың дәлелдерін растайтын құжаттардың көшірмелері қоса берілуі мүмкін.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау Заңның 32-бабының 1-тармағына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға әкеп соғады, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабының 3-бөлігіне сәйкес лауазымды адамдардың әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Анықталған бұзушылықтар сипатталған қосымша 1 парақта.

Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті
орган аумақтық ведомствосының басшысы
Мендыбаев Берик Мухтарович _____

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға қосымша

Мен, Главный специалист "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ Кузенбаев Сержан Талгатбекулы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес камералдық бақылау жүргіздім шағымдар негізінде, мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы Хабарламаның №: 5762768-1 Құрғақ сүт 2021 жылға Лоттың № 39859967-ОК2 Қоспа камералдық бақылау жүргізілді.
Камералдық бақылаудың нәтижесімен келесі бұзушылық (-тар) анықталды:

Бұзушылық тармағының нөмірі	Тәуекел бейіні	Ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтарына және тармақшаларына сілтеме жасай отырып, бұзушылық сипатының сипаттамасы	Бұзушылықтарды растайтын құжаттардың деректемелері мен атаулары
Пункт 1	№6 - тәуекел бейіні	Менімен, Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің (бұдан әрі – Департамент) камералдық бақылау бөлімінің бас маманы С.Кузенбаев тарапынан, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30 бабына (Камералдық бақылауды ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік аудит объектілеріне бармастан, осы Заңда және камералдық бақылау жүргізу қағидаларында белгіленген тәртіппен мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі бойынша әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру арқылы жүргізеді) сәйкес «КИРКИМБАЕВА АЛИЯ ШМИДТОВНА» ЖК және «TezCo Trade» (ТезКо Трейд)» ЖШС-нің өтініштері негізінде және ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 47 бабының 5 тармағында белгіленген дәлелдер шегінде «Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 2021 жылдың 21 сәуіріндегі https:/www.goszakup.gov.kz/ веб-порталына ашық конкурс тәсілімен жарияланған №5762768-1 «Құрғақ сүт 2021 жылға» мемлекеттік сатып алудың №39859967-ОК2 және №39859968-ОК2 лоттары бойынша (бұдан әрі - Конкурстар) техникалық ерекшеліктерінде әлеуетті өнім берушілерге қойылған талаптарға ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді. Камералдық бақылау жұмыстарын – конкурстық құжаттамаға конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге қойылған біліктілік талаптарының және конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін бағалаудың негізінде, Заңның және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (әрі қарай – Қағидалар) талаптарына сәйкес келуіне жүргізіп, төмендегілерді анықтадым. Қағиданың 150 тармағында, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы делінген. Қағиданың конкурстық құжаттаманың 4-қосымшасы 16 тармағының 2 тармақшасына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінім мыналар болуы тиіс: сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып техникалық ерекшелікті қамтиды. Бұл ретте ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, оның ішінде тауарлық белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерін, пайдалы моделдерін, өндірістік үлгілерін, тауардың шығу жері мен өндірушінің атауын, және басқа да сипаттамаларын көрсете отырып, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер үшін осы КҚ-ға 2-1, 2-2, 2-3-қосымшаларға, тауарлар үшін осы КҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша көрсетіледі. Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжатама көрсетіледі. Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінде өндірушілерден немесе олардың ресми өкілдерінен (дилерлерден немесе дистрибьюторлардан) алынған хаттардың (сертификаттарының, куәліктерінің), техникалық паспорттардың, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшеліктерінде көрсетілген өнімдердің сәйкестік сертификаттарының көшірмелерінің болуы туралы талаптарды көрсетуге жол беріледі. Егер техникалық паспорттар, тауарлардың сәйкестік сертификаттары және тапсырыс беруші талап ететін өзге де құжаттар тауарды сатып алу кезінде не Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, оларды белгіленген тәртіппен тіркеу кезінде берілсе, ондай жағдайда әлеуетті өнім беруші тауарды жеткізген кезде осындай құжаттарды ұсыну туралы кепілдік хатын; Қағиданың конкурстық құжаттаманың 3-қосымшасына сәйкес функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану мінездемесін сипатталуы (көрсетілген сипаттама тауардың атауына, маркасына, моделіне, үлгісіне және/немесе тауар белгісіне не қызмет ету белгісіне сәйкес келуі) және кепілді мерзімі көрсетілуі тиіс. Мемлекеттік веб-порталын зерделеу барысында, Ұйымдастырушы тарапынан Конкурстарда Конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасына сәйкес «…Құрамында оңтайлы мөлшерде нәресте өмірінің алғашқы айларында таптырмайтын омега-3/омега-6 май қышқылдары және нуклеотидтер бар…,…Қоспаның құрамында пробиотиктер (лактобактериялар l. reuteri) болуы керек…,…Қоспаның нәруыздық құрам бөлігі 60% пайыздан кем болмау керек…, …жеңіл сіңірілетін 100% сарысу нәруызы түрінде көрсетілген…» делінген, сонымен қатар № 39859967-ОК2 лоты бойынша «…Қоспаның құрамында мына заттардың профилактикалық дозасы болуы керек: кемдегенде йод-18,0 мкг/100 мл…» және № 39859967-ОК2 лоты бойынша «…Қоспада профилактикалық дозадағы мына заттар боуы керек: кемдегенле йод-13,4 мкг/100 мл…» делінген талаптар бекітілгендігі анықталды. Алайда, конкурстық комиссия Қағиданың 150 тармағының талаптарын сақтамай әлеуетті өнім берушілер «КИРКИМБАЕВА АЛИЯ ШМИДТОВНА» ЖК, «GRAND BUSINESS» ЖК, «CASPIAN TOOL GROUP» ЖШС және «Point software solutions» ЖШС-нің конкурстық өтінімдерін негізсіз конкурсқа қатысуға жібергендігі анықталды. Себебі, әлеуетті өнім беруші «КИРКИМБАЕВА АЛИЯ ШМИДТОВНА» ЖК-нің Конкурстық құжаттамаға 3-қосымшасында ұсынылған сипаттамалары Конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасына «…Қоспаның құрамында пробиотиктер (лактобактериялар l. reuteri) болуы керек…,…Қоспаның нәруыздық құрам бөлігі 60% пайыздан кем болмау керек…, …жеңіл сіңірілетін 100% сарысу нәруызы түрінде көрсетілген…» делінген талаптарға сәйкес келмейді. әлеуетті өнім беруші «GRAND BUSINESS» ЖШС-нің Конкурстық құжаттамаға 3-қосымшасында ұсынылған сипаттамалары Конкурстардың Конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасындағы «…Құрамында оңтайлы мөлшерде нәресте өмірінің алғашқы айларында таптырмайтын омега-3/омега-6 май қышқылдары және нуклеотидтер бар…,…Қоспаның құрамында пробиотиктер (лактобактериялар l. reuteri) болуы керек…» делінген, сонымен қатар №39859967-ОК2 лоты бойынша «…Қоспаның құрамында мына заттардың профилактикалық дозасы болуы керек: кемдегенде йод-18,0 мкг/100 мл…» және №39859968-ОК2 лоты бойынша «…Қоспада профилактикалық дозадағы мына заттар боуы керек: кемдегенле йод-13,4 мкг/100 мл…» делінген талаптарға сәйкес келмейді. әлеуетті өнім беруші «CASPIAN TOOL GROUP» ЖШС-нің Конкурстық құжаттамаға 3-қосымшасында ұсынылған сипаттамалары Конкурстардың Конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасындағы «…Құрамында оңтайлы мөлшерде нәресте өмірінің алғашқы айларында таптырмайтын омега-3/омега-6 май қышқылдары және нуклеотидтер бар…,…Қоспаның құрамында пробиотиктер (лактобактериялар l. reuteri) болуы керек…» делінген, сонымен қатар №39859967-ОК2 лоты бойынша «…Қоспаның құрамында мына заттардың профилактикалық дозасы болуы керек: кемдегенде йод-18,0 мкг/100 мл…» және №39859968-ОК2 лоты бойынша «…Қоспада профилактикалық дозадағы мына заттар боуы керек: кемдегенле йод-13,4 мкг/100 мл…» делінген талаптарға сәйкес келмейді. әлеуетті өнім беруші «Point software solutions» ЖШС-нің Конкурстық құжаттамаға 3-қосымшасында ұсынылған сипаттамалары Конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасында «…Құрамында оңтайлы мөлшерде нәресте өмірінің алғашқы айларында таптырмайтын омега-3/омега-6 май қышқылдары және нуклеотидтер бар…,…Қоспаның құрамында пробиотиктер (лактобактериялар l. reuteri) болуы керек…» делінген талаптарға сәйкес келмейді. Жоғарыдағы анықталған бұзушылықтардың негізінде №5762700-1 «Құрғақ сүт 2021 жылға» мемлекеттік сатып алудың №39859967-ОК2 және №39859968-ОК2 лоттары бойынша мемлекеттік сатып алулар процедурасын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнамаларының талаптарына сәйкестендіруді ұсынамын. Қабылданған шаралар жөнінде 10 жұмыс күні ішінде Департаментті тиісті түрде хабардар етуіңізді сұраймын.	Профиль риска №6

(Әрбір бұзушылық фактісі жеке тармақпен белгіленеді және тәуекел бейінін көрсете

отырып, ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтары мен тармақшаларына сілтеме жасай отырып, бұзушылық сипатын сипаттай отырып, толассыз тәртіппен нөмірленеді. Бұзушылық сипаттамасында бұзушылықтарды растайтын құжаттардың деректемелері мен атауларына сілтеме жасалады.)

Жоғарыда баяндалғанның негізінде анықталған бұзушылықтар Камералдық бақылау жүргізу қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес жойылуға жатады.

Уведомление
об устранении нарушений, выявленных по результатам
камерального контроля

15.06.2021 года № 611010000-4-6-135832

РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Туркестанской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан"

В соответствии с подпунктом 1) пункта 4 статьи 30 Закона Республики Казахстан от 12 ноября 2015 года «О государственном аудите и финансовом контроле» (далее – Закон) уведомляет ГУ "Управление общественного здоровья Туркестанской области", 990440001521, г.Туркестан о нарушениях, выявленных по результатам камерального контроля.

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Вам необходимо исполнить настоящее уведомление об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля (далее – уведомление) в течение десяти рабочих дней со дня, следующего за днем его вручения (получения).

Уведомление признается исполненным в случаях устранения нарушений, указанных в уведомлении с учетом результатов рассмотрения возражений.

Информация об устранении нарушений (при необходимости подтверждающие документы) представляются объектом государственного аудита посредством веб-портала в уполномоченный орган, направивший уведомление согласно приложению 4 к Правилам проведения камерального контроля (далее – Правила).

В соответствии с пунктом 35 Правил, в случае несогласия с нарушениями, указанными в уведомлении, объект государственного аудита при необходимости в течение пяти рабочих дней со дня, следующего за днем его доставки посредством веб-портала направляет уполномоченному органу возражение согласно приложению 6 к Правилам.

При необходимости к возражению могут быть приложены копии документов, подтверждающих доводы возражения.

Неисполнение в установленный срок уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, влечет приостановление расходных операций по кодам и счетам объектов государственного аудита, открытых в центральном уполномоченном органе по исполнению бюджета, а также банковским счетам (за исключением корреспондентских) объектов государственного аудита в соответствии с пунктом 1 статьи 32 Закона, а также административную ответственность должностных лиц в соответствии с частью 3 статьи 462 Кодекса Республики Казахстан от 5 июля 2014 года «Об административных правонарушениях».

В соответствии со статьей 60 Закона действия (бездействие) органов государственного аудита и финансового контроля и (или) их должностных лиц могут быть обжалованы в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Приложение с описанием выявленных нарушений на 1 листе(-ах).

Руководитель территориального ведомства
уполномоченного органа по внутреннему
государственному аудиту
Мендыбаев Берик Мухтарович

_____

Приложение
к уведомлению об устранении нарушений,
выявленных по результатам камерального
контроля

Мной, Главный специалист РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Туркестанской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан" Кузенбаев Сержан Талгатбекулы в соответствии со статьей 30 Закона Республики Казахстан от 12 ноября 2015 года «О государственном аудите и финансовом контроле» проведен камеральный контроль № объявления: 5762768-1 Сухая молочная на 2021 год № лота 39859967-ОК2 Смесь на основании жалобы посредством веб-портала государственных закупок.
По результатам камерального контроля установлено(-ы) следующее(-ие) нарушение(-я):

Номер пункта нарушения	**Профиль риска**	**Описание характера нарушения, со ссылкой на статьи, пункты и подпункты нормативных правовых актов, положения которых нарушены**	**Реквизиты и наименования документов, подтверждающих нарушения**
Пункт 1	Профиль риска №6		

(Каждый факт нарушения фиксируется отдельным пунктом и нумеруется в сквозном порядке с указанием профиля риска, описанием характера нарушения со ссылкой на статьи, пункты и подпункты нормативных правовых актов, положения которых нарушены. В описании нарушения делается ссылка на реквизиты и наименования документов, подтверждающих нарушения.)

На основании вышеизложенного, выявленные нарушения подлежат устранению в соответствии с приложением 3 к Правилам проведения камерального контроля.